



## ЖЫЛ ЖЕТИСТІГІ

## AUEZOV UNIVERSITY үздіктер қатарында

Үстіміздегі жылы маусымның 8-і күні Quacquarelli Symonds (QS) Халықаралық рейтингтік агенттігі 2023 жылғы әлемнің үздік университеттерінің рейтингін жариялады. Рейтинг 100 елден 1422 үздік университетті қамтыды.

Рейтингте оқу орнының ғылымдарының ғылыми жарияланымдардың дәйексез алу индексі, академиялық қоғамдастықтағы және жұмыс берушілер арасындағы беделі, студенттер мен ғылыми-педагогикалық қызметкерлер санының арақатынасы, шетелдік және халықаралық студенттер мен профессор-оқытушылар әлеуетінің көрсеткіштер комбинациясы бойынша бағаланады. Соңғы он жылда алғаш рет AUEZOV UNIVERSITY QS World University Rankings рейтингінде өз нәтижелерін 39 позицияға (31,2%) жақсартып, 443-орынға ие болып, топ-450-ге енді.



Әлемдік рейтингке алғаш рет қатысқан 2014 жылдан бастап университет 208 орынға көтерілді. Әлемдік ғылыми қоғамдастық пен жұмыс берушілер арасындағы беделі, интернационалдандыру көрсеткіштері маңызды дәрежеде өсті, бұл университеттің 2025 жылға дейінгі жаңа даму стратегиясының – зерттеу университетіне айнарудың нәтиже-

лерінің бірі болып табылады. Ғалымдардың әлемдік баспаларда ғылыми мақалалар жариялау белсенділігі және сапасы артты, серпінді ғылыми бағыттар бойынша зерттеулері әлемдік академиялық ортада барынша байқала түсуде. Шетелдік өріптес жоғары оқу орындарымен коллаборация кеңейе түсуде.

QS рейтингінде көтерілуіміз

– ең алдымен, бүкіл ұжымның жетістігі, ғылыми, білім беру, инновациялық қызметтің сапасын арттырудың жемісті нәтижесі. Біз ғылыми зерттеулердің басымдықтарын дұрыс анықтап, инновациялық білім бағдарламаларын ашқанымызға тағы да көз жеткіздік. Оңтүстік Қазақстан өңірінің ғана емес, бүкіл елдің ірі ғылыми-білім беру орталығы ретінде, жо-

ғары оқу орындары арасындағы жоғары халықаралық бәсекелестікті айқын түсіне отырып, белсенді жұмысты жалғастыруға ниеттіміз.

**Дария ҚОЖАМЖАРОВА,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**Оңтүстік Қазақстан**  
**университетінің Басқарма**  
**Төрағасы – Ректор**

443

AUEZOV  
UNIVERSITY  
1919WORLD  
UNIVERSITY  
RANKINGS

2023

AUEZOV UNIVERSITY  
(SKU)

2023

QS WORLD  
UNIVERSITY RANKINGS